БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ
ХАТТАМА

АКИМАТ ГОРОДА УРАЛЬСКА
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
ПРОТОКОЛ

№ 01-003-03/23 от 12.02.2026

Қалалық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ
№ 1

Орал қ. *2026 жылғы «9» ақпан*

Төрағалық еткен: Орал қаласы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары– **Дүйсенғалиев Жандос Асхатұлы.**
Қатысқандар: тізім бойынша.

Келіп түскен ақпаратты талқылап, пікір алмасып, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі қалалық комиссия **ҰСЫНАДЫ:**

Күн тәртібі

1. 2026 жылдың көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындық және гидротехникалық құрылыстардың жағдайы мен оларды қауіпсіз қолдану туралы

1.1 Орал қаласы әкімі аппараты, Орал қаласының қаржы бөлімі:

- Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды қорғау үшін 15 мың дана қапшық алынсын;

2026 жылдың 25 ақпанына дейін

1.2 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне, «Жайык Таза қала» ЖШС:

- Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды қорғау үшін инертті материалдар (құм) қоры дайындалсын ;

2026 жылдың 25 ақпанына дейін

Сариева Айнагуль Даулетшаевна 12.02.2026 15:33

Дата: 12.02.2026 15:33. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

1.3 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Орал қаласының төтенше жағдайлар басқармасы, Орал қаласының кенттік және селолық округ әкімдіктері, Орал қаласының ішкі саясат бөлімі:

- Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды қорғау үшін инертті материалдар (құм) қорын дайындауға тиісті мекеме қызметкерлері жұмылдырылсын;

- Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды қорғау үшін қала аумағындағы каналдар мен арықтарды қардан тазалауға тиісті мекеме (жастар ұйымдары, сарбаздар, коммуналдық мекеме қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, қоғамдық ұйымдар қызметкерлері) қызметкерлері жұмылдырылсын;

2026 жылдың су тасқыны кезеңіде

1.4 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Орал қаласының төтенше жағдайлар басқармасы, Орал қаласының кенттік және селолық округ әкімдіктері:

- Қала аумағында су басу қауіпі бар учаскелер анықталсын және оларды тексеру жұмыстарын жүргізсін;

- Қала аумағында су басу қауіпі бар учаскелерде қар шығару жұмыстары жүргізілсі;

- Қала аумағында су басу қауіпі бар учаскелер тізімі және оларды тексеру бойынша жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша ақпарат Орал қаласы әкімі аппаратына жодансын;

2026 жылдың 28 ақпанына дейін

1.5 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, Орал қаласының төтенше жағдайлар басқармасы, Орал қаласының кенттік және селолық округ әкімдіктері:

- Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында мотопомпалар дайындығы тексерілсін және дайындылсын.

2026 жылдың 28 ақпанына дейін

1.6 Орал қаласының білім беру бөлімі:

- Қала аумағындағы барлық мектептерде көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында мотопомпалар дайындалсын және қар шығару жұмыстары жүргізілсін;

2026 жылдың қысқы кезеңіде

Сариева Айнагуль Даулетшаевна 12.02.2026 15:33

Дата: 12.02.2026 15:33. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

1.7 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, «Батыс Су Арнасы» ЖШС:

- Көктемгі су тасқынының алдын алу мақсатында және қала аумағындағы мұзбен бітілген құбарлады тазарту үшін «Крот» техникасы дайындыққа келтірілсін және керек уақытта үздіксіз тиісті жұмыстарды жүргізсін.

2026 жылдың су тасқыны кезеңіде

2. <u>2025-2026 жылдардағы жылыту кезеңінің және қысқы кезеңінің өтуі туралы. Орын алған төтенше жағдайларға шолу.</u>

2.1 Қалалық төтенше жағдайлар басқармасы және кенттік селолық округ әкімдеріне:

- Жылыту маусымдағы оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында рейдттер күшейтілсін;
- Әлеуметтік осал топтағы отбасылар әрдайым ауыл әкімдерінің бақылауында болсын;
- Жылыту пунктері әрдайым дайын күйде болсын.

2026 жылдың қысқы кезеңінің аяғына дейін

3. <u>Қаланың құлақтандыру жүйесінің жәй-күйі</u>

3.1 Орал қаласының құрылыс бөліміне:

- Жаңа шағынаудандарды салу барысында азаматтық қорғау жүйесін дамыту мақсатында биік ғимараттар мен инженерлік құрылыстарды жобалау кезінде сиреналық-дыбыстық хабарлау қондырғыларын орнатуға арналған арнайы орындарды міндетті түрде қарастыру.

тұрақты

Орал қаласының әкімінің орынбасары – Қалалық ТЖК төрағасының орынбасары **Ж.Дуйсенғалиев**

Сариева Айнагул Даулетшаевна 12.02.2026 15:33

Дата: 12.02.2026 15:33. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП